



Қазақстан Ұлттық Банкі
Национальный Банк Казахстана

БЗЖҚ зейнетақы активтерін басқару

2014 жылғы инвестициялық политика

Зейнетақы активтер портфелінің құрылымы, млрд. теңге

Атауы	01.04.14ж.	01.01.15ж.	Өзгеріс
Ақша	246,6	150,8	-38,9%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	1 890,9	1 967,3	4,0%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	255,2	313,9	23,0%
ҚР ЕДБ облигациялары мен депозиттері	749,5	1 486,5	98,3%
Басқа қазақстандық активтер	133,0	142,8	7,4%
Шетелдік активтер	495,8	299,9	-39,5%
Акциялар (депозитарлық қолхаттар)	189,7	154,5	-18,6%
Жалпы:	3 960,6	4 515,7	

2014 жылы 1 543,4 млрд. теңге мөлшеріндегі зейнетақы активтері келесі бағыттар бойынша инвестицияланды:

Атауы	Көлемі, млрд. теңге	Табыстылық, жылдық %	Айналыс мерзімі, жыл
ҚР МБҚ	435,0	7,7%	5 – 30 дейін
ҚР ЕДБ облигациялары	368,7	8,5%	1 – 10 дейін
ҚР ЕДБ депозиттері	531,0	9,1%	10
Шетелдік активтер	136,7	7,0%	5 – 29 дейін
Квазимемлекеттік сектор облигациялары	67,0	6,3%	4 – 29 дейін
Акциялар (депозитарлық қолхаттар)	5,0		
Жалпы:	1 543,4		



2015 жылғы инвестициялық политика

Зейнетақы активтер портфелінің құрылымы, млрд. теңге

Наименование	01.01.15ж.	01.01.16ж.	Өзгеріс
Ақша	150,8	127,6	-15,3%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	1 967,3	2 631,8	33,8%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	313,9	515,1	64,1%
ҚР ЕДБ облигациялары мен депозиттері	1 486,5	1 936,9	30,3%
Басқа қазақстандық активтер	142,8	131,4	-8,0%
Шетелдік активтер	299,9	362,0	20,7%
Акциялар (депозитарлық қолхаттар)	154,5	126,6	-18,0%
Жалпы:	4 515,7	5 831,5	

2015 жылы 1 200,8 млрд. теңге мөлшеріндегі зейнетақы активтері келесі бағыттар бойынша инвестицияланды:

Наименование	Көлемі, млрд. теңге	Табыстылық, жылдық %	Айналыс мерзімі, жыл
ҚР МБҚ	454,1	8,0%	15 – 25 дейін
ҚР ЕДБ облигациялары	391,6	9,0%	1 – 10 дейін
ҚРҰБ ноталары	229,2	11,9%	
Квазимемлекеттік сектор облигациялары	120,0	8,0%	9 – 29 дейін
Акциялар (депозитарлық қолхаттар)	5,9		
Жалпы:	1 200,8		



2016 жылғы инвестициялық политика

Зейнетақы активтер портфелінің құрылымы, млрд. теңге

Атауы	01.01.16ж.	На 01.01.17ж.	Өзгеріс
Ақша	127,6	151,8	19,0%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	2 631,8	2 910,8	10,6%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	515,1	900,2	74,8%
ҚР ЕДБ облигациялары мен депозиттері	1 936,9	1 850,1	-4,5%
Басқа қазақстандық активтер	131,4	99,8	-24,0%
Шетелдік активтер	362,0	621,6	71,7%
Акциялар (депозитарлық қолхаттар)	126,6	145,8	15,1%
Жалпы:	5 831,5	6 680,1	

2016 жылы 1 161,2 млрд. теңге мөлшеріндегі зейнетақы активтері келесі бағыттар бойынша инвестицияланды:

Наименование	Көлемі, млрд. теңге	Табыстылық, жылдық %	Айналыс мерзімі, жыл
ҚР МБҚ	170,0	Инфляция + 0,1%	7
Шетелдік валюта	500,0		
ҚР ЕДБ депозиттері	112,8	15,5%	3,5
Квазимемлекеттік сектор облигациялары	378,4	15,1%	1 – 15 дейін
Жалпы:	1 161,2		



2017 жылғы инвестициялық политика

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңестің ұсынымдарына сәйкес 2017 жылы БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялауды келесі бағыттар бойынша жүзеге асыру жоспарланып отыр:

- республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу;
- зейнетақы активтерінің портфелін әртараптандыру мақсатында шетел валютасын сатып алу;
- халықаралық қаржы ұйымдарының теңгемен номинацияланған облигацияларын сатып алу;
- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шартталған борыштық бағалы қағаздарын сатып алу;
- бағалы қағаздар нарығын дамытуға арналған инвестицияларды қоса, мемлекеттік емес ұйымдардың қаржы құралдарына инвестициялау.



Зейнетақы активтері портфелінің қазіргі құрылымы

2017 жылғы 22 мамырдағы зейнетақы активтері портфелінің құрылымы

Қаржы құралының түрі	Қазіргі бағасы, млрд. теңге	Үлесі
Ақша	85,4	1,2%
ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигацияларын қоса алғанда, ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздары	2 863,0	41,1%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	892,3	12,8%
ҚР екінші деңгелі банктер облигациялары мен депозиттері	1 703,5	24,5%
Басқа қазақстандық активтер	91,6	1,3%
Шетелдік активтер	1 170,7	16,8%
Акциялар (депозитарлық қолхаттар)	160,6	2,3%
Жалпы:	6 967,1	100,0%

2017 жылғы 22 мамырдағы жағдай бойынша сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтерінің көлемі **6 967,1 млрд.теңгені** құрады.

Зейнетақы активтерінің негізгі көлемі ҚР МБҚ (41,1%), сондай-ақ ҚР ЕДБ (24,5%) және ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының (12,8%) міндеттемелеріне тиесілі.

Валюталық активтер зейнетақы активтері көлемінің 27,1% - ын құрайды. Бұл ретте портфелдің шамамен 13,3% – ы (925,7 млрд.теңге) жоғары өтімді шетелдік инвестициялардан тұрады, оның ішінде АҚШ МБҚ-6,7%.



Әзірбайжан Халықаралық Банкіне Қатысты

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің портфелінде Әзірбайжан Халықаралық Банкінің (ӘХБ) 250,0 млн. АҚШ доллары сомасындағы борыштық бағалы қағаздары бар. Бұл бағалы қағаздар 2014 жылғы қазан айында айналыс мерзімі 10 жыл және жылдық 8,25% купондық сыйақы мөлшерлемесімен сатып алынды. Инвестициялау кезінде ӘХБ-ның ең төменгі кредиттік рейтингі "Ba3" ("BB -") болып, БЖЗҚ-ның алдыңғы Инвестициялық декларациясының ("B" ең төменгі рейтингі) талаптарына сәйкес келді .

Ұлттық Банк ӘХБ-ның қаржылық жан-күйіне байланысты жағдайды қадағалап отырды және 2016 жылдан бастап банк облигацияларын мерзімінен бұрын ішінара немесе толық өтеу бойынша ӘХБ-мен және Әзірбайжан Қаржы министрлігімен бірнеше рет келіссөздер жүргізді. Алайда, бұл іс Ұлттық Банктің мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге қандай да бір заңды негіздердің болмауы және бұл үшін ӘХБ-де қаражаттың болмауы себебінен өзара тиімді шешімге әкелген жоқ. Бұл облигацияларды шығару шарттары бойынша мерзімінен бұрын өтеу ӘХБ-нің келісімімен ғана мүмкін болады. Аталған оқиғаға дейін банк шығару шарттарын бұзбады және купондық сыйақыны тұрақты төледі (төленген купондық сыйақының жалпы сомасы шамамен 52,1 млн. АҚШ доллары)

БЖЗҚ барлық шығарылымның жалғыз ұстаушысы болып табылатынын ескере отырып, бағалы қағаздарды БЖЗҚ үшін қолайлы баға бойынша нарықта сату мүмкін болмады.



Әзірбайжан Халықаралық Банкіне Қатысты

Осы жылдың 11 мамырында ӘХБ өзінің сыртқы міндеттемелерін ерікті түрде қайта құрылымдауды жүргізу туралы хабарлады.

23 мамырда Лондон қаласында ӘХБ шетелдік кредиторлармен кездесу өткізді. Кездесуде БЖЗҚ зейнетақы активтері үшін де қоса, қайта құрылымдаудың 3 нұсқасын ұсынды:

1. 250 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі БЖЗҚ алдындағы ӘХБ-нің ағымдағы міндеттемелерін айналыс мерзімі 12 жыл (2029 жылға дейін) және жылдық 5,125% сыйақы мөлшерлемесімен Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары түріндегі 200 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі қарызға айырбастау.
2. 250 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі БЖЗҚ алдындағы ӘХБ-нің ағымдағы міндеттемелерін айналыс мерзімі 15 жыл (2032 жылға дейін) және жылдық 3,5% сыйақы мөлшерлемесімен Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары түріндегі 250 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі қарызға айырбастау.
3. 250 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі БЖЗҚ алдындағы ӘХБ-нің ағымдағы міндеттемелерін айналыс мерзімі 7 жыл (2024 жылға дейін) және жылдық 3,5% сыйақы мөлшерлемесімен Әзірбайжан Халықаралық Банк облигацияларының жаңа шығарылымының 250 миллион АҚШ долларына айырбастау.



Тәуекелдерді басқару

2014 жыл - Инвестициялық декларацияда белгіленген шарттар мен шектеулерге сәйкес зейнетақы активтерін инвестициялау

2015 жыл - зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде несиелік тәуекелдерді басқару жөніндегі тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру аясында ішкі құжат жасалды және Ұлттық Банк Басқармасымен мақұлданды

2017 жыл - несиелік тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттың жаңа редакциясы (лимиттер күшейтілген)

Ұлттық банкте үш комитет бар:

1. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі инвестициялық комитет (зейнетақы активтерін кешенді инвестициялық басқарудың жүйесі)
2. Тәуекелдер комитеті (тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға, оның ішінде зейнетақы активтерін басқару қызметіне қатысты ұсыныстарды әзірлеу)
3. Қаржы құралдарын бағалау жөніндегі комитет (зейнетақы активтерінің құнсыздануынан болуы мүмкін шығындарды жабу үшін резервті уақтылы қалыптастыру)



Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару процесі келесі пункттерді қамтиды:

- кредиттік тәуекел лимиттерін жүйелі бекіту (елге, эмитентке, қаржы құралдарына)
- инвестициялау лимиттерін сақтаудың және зейнетақы активтерінің портфелі бойынша ағымдағы жағдайдың жүйелі мониторингі
- қаржы құралдарының жыл сайынғы тәуелсіз бағалауын жүргізу (2017 жылы бағалауды екі рет өткізу жоспарлануда)
- ағымдағы инвестициялардың белгіленген параметрлерге сәйкессіздігі туындаған жағдайда тәуекелдер жөніндегі Комитет қарайтын тиісті іс-шаралар жоспары әзірленеді
- эмитент бойынша теріс ақпарат пайда болған жағдайда, ақпарат тәуекелдер жөніндегі Комитеттің қарауына жіберіледі





**Назар аударғаңызға алғыс
білдіреміз!**

